



## Құрметті студент!

2017 жылы «Білім - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B011500	«Құқық және экономика негіздері»	1. Педагогика 2. Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесі 3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі 4. Білім беру жүйесіндегі менеджмент

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:

1. Педагогика
2. Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесі
3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
4. Білім беру жүйесіндегі менеджмент

2. Тестілеу уақыты - 180 минут.

Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.

3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.

4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.

5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;  
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;  
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға  
**қатаң тиым салынады!**

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

## Педагогика

1. «Тұлға» ұғымының мәнін ашуда қолданылатын ұғым:
  - A) даралық
  - B) білім
  - C) білім беру
  - D) индивид
  - E) адам
  
2. Жас ерекшеліктер:
  - A) Белгілі бір жас кезеңіне тән физиологиялық сапалар
  - B) Белгілі бір жас кезеңіне тән даралық ерекшеліктер
  - C) Белгілі бір жас кезеңіне тән анатомиялық сапалар
  - D) Интеллектуалдық
  - E) Әр балаға тән белгілі сипат
  - F) Белгілі бір жас кезеңіне тән психикалық сапалар
  
3. Дәстүрлі педагогикада тұлғаның базалық мәдениетін қалыптастыруда тәрбиелік істердің бағыттары:
  - A) Экологиялық тәрбие
  - B) Еңбек тәрбиесі
  - C) Қоғамдық тәрбие
  - D) Адамгершілік тәрбиесі
  - E) Мемлекеттік тәрбие
  - F) Әлеуметтік тәрбие
  - G) Азаматтық тәрбие
  
4. Педагогикалық үдеріс заңдылықтарындағы байланыстар:
  - A) шартты байланыс
  - B) тұрақсыз
  - C) қарапайым
  - D) диалектикалық
  - E) қажетсіз
  - F) субъективті байланыс
  - G) мерзімді
  - H) өзара

5. Тәрбиенің мақсаты:

- A) Тәрбиені гуманитарландыру
- B) Жеке тұлғаның жан-жақты дамуы
- C) Еңбек тәрбиесі және политехникалық білім беру
- D) Жеке тұлғаның наным сенімін қалыптастыру
- E) Қоғам сұранысына сәйкес жеке тұлға қалыптастыру

6. Педагогика ғылымының салалары:

- A) Мектепке дейінгі педагогика, әскери педагогика, педагогика тарихы
- B) Жалпы педагогика, жасөспірімдер педагогикасы, педагогика
- C) Жоғары мектеп педагогикасы, медициналық педагогика, арнайы педагогика
- D) Акмеология, білім беру педагогикасы
- E) Түзету педагогикасы, ақпараттық педагогика
- F) Психологиялық педагогика, физиологиялық педагогика

7. Тәрбие бағыттары:

- A) көпшілік-интернационалдық, азаматтық
- B) дене, еңбек
- C) азаматтық-патриоттық, экономикалық
- D) әділдік-сыпайылық, шыншылдық
- E) рухани-адамгершілік

8. Оқу бағдарламаларының түрлері:

- A) Өзіндік
- B) Міндетті
- C) Оқу-жұмыс
- D) Тұлғалық
- E) Мемлекеттік

9. Педагогиканың нақты ғылымилық әдіснамалық принциптеріне жататын тұғырлар:

- A) іс-әрекеттік
- B) жүйелілік
- C) квалиметриялық
- D) синергетикалық
- E) тұлғалық
- F) аксиологиялық

10. Тұлға дамуының макрофакторларының бірі:

- A) мемлекет
- B) мәдениет
- C) діни ұйымдар
- D) тәрбие институттары
- E) микросоциум
- F) этнос

11. Тәрбие әдістерін жіктеуде ұстанатын принциптер (қағидалар):

- A) Жеке адамның іс-әрекет арқауы
- B) Жеке адамның қалыптасып келе жатқан қасиеттерінің күрделі болуы
- C) Жеке адамның пайымдау қабілеттері
- D) Жеке тұлға іс-әрекет нәтижесінде дамып, қалыптасады
- E) Жеке тұлғаның мотивтері, тілек-талаптары, ынтасы

12. Қазіргі қоғамдық пайдалы жұмыстарға қатысуда оқушы белсенділігі байланысты:

- A) Сұранысқа ие болуына
- B) Мектепте ұйымдастырылатын жұмыстардың тиімділігіне
- C) Директор орыбасарының позициясына
- D) Сынып жетекшісінің өз алдына мақсат қоюына
- E) Мектепте ұйымдастырылатын жұмыстардың көлеміне

13. Сыныптан тыс жұмыстардың тиімділігіне жатады:

- A) тәрбиелік жұмыстар жеке адам тәрбиелеу мазмұнына сай
- B) сынып жетекшілерінің педагогикалық біліктілігінің жоғары болуы
- C) сыныппен оқушының арасындағы қарым-қатынастың тығыз болуы
- D) әрекеттің жоспарлы болуы
- E) оқушылармен ата-аналардың арасындағы қарым-қатынас жүйесіне сай болуы
- F) іс-әрекеттің мазмұны, мақсаты, барысы оқушыға түсінікті
- G) оқушының саналы болуы

14. Отбасы тәрбиесінің құқықтық негіздерін анықтайды:

- A) «Неке және отбасы туралы» Заңы
- B) «Білім туралы» Заңы
- C) Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік Бағдарламасы
- D) Мемлекеттік бағдарламаларда
- E) ҚР Конституциясы
- F) Мемлекеттік тұжырымдамалар

15. Оқу бағдарламасының мазмұндық құрылысы ол:

- A) Мазмұны қиындық дәрежесі жағынан алдыңғыдан жеңіл болады
- B) Оқыту материалының мазмұны қайталанып отырады
- C) Оқу материалы қол жетерлік деңгейде болады
- D) Бұрынғы материалдардың логикалық жалғасы болып табылады
- E) Оқытудың өтілетін материалдары күрделеніп оқытылады
- F) Оқыту материалдары оқушылардың жас ерекшелігіне сай болады

16. Топтық жұмыстарды ұйымдастыру мәселелерімен айналысқан зерттеушілер:

- A) В.Н. Иващенко
- B) В.В. Тихонов
- C) А.М.Раевский
- D) В.И.Безруков
- E) В. Оконь

17. Ұжымдық-танымдық іс-әрекет:

- A) Оқушылардың жеке бас қасиеттерін дамыту процесі
- B) Оқушылардың кәсіби әрекеттерінің жүйесі
- C) Сыныптастармен бірлесіп әрекет ету
- D) “Педагог-оқушылар” жүйесінің қызметі
- E) Оқушылардың ата-аналарымен жүргізілетін іс-әрекеті
- F) Әлеуметтік тәжірибені игерудегі мұғалім мен оқушының біріккен іс-әрекеті
- G) Педагог пен оқушылардың ортақ көзқарастары
- H) Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамыту

18. Оқыту үдерісі:

- A) Оқушылардың қабілеттерін дамытатын іс-әрекет
- B) Отаншылдық қасиетін арттырады
- C) Оқушылардың дүниетанымын дамытатын іс-әрекет
- D) Тәрбиені меңгертеді
- E) Оқушылардың көзқарасын дамытатын іс-әрекет
- F) Төзімділіктерін дамытады
- G) Білімді, біліктілік пен дағдыны меңгертеді

19. Тест мазмұнына қойылатын талаптар жүйесі:

- A) Қысқа
- B) Саяси-әлеуметтік
- C) Анық
- D) Педагогикалық
- E) Әлеуметтік
- F) Қысқалық
- G) Эстетикалық

20. И.П. Подласый бойынша оқыту әдістері:

- A) Сөздік
- B) Теориялық
- C) Көрнекілік
- D) Педагогикалық
- E) Психологиялық
- F) Мазмұндық

21. Дидактикада оқыту технологиялары жіктелетін сипаттар:

- A) Әдістемелік негіз
- B) Тәжірибені меңгерудің ғылыми сипаттамасы
- C) Психологиялық негіз
- D) Әдіснамалық деңгейі
- E) Нәтижелілік деңгейі
- F) Қолдану деңгейі
- G) Теорияны меңгерудің ғылыми сипаттамасы

22. Жалпы білім беретін бағдарламалар бағытталады:

- A) Оқушының оқу үлгерімін қадағалауға
- B) Жеке адамның болашағын қалыптастыруға
- C) Жеке адамның қоғам мен өмірге бейімделуін қамтамасыз етуге
- D) Жеке адамның мәдениетінің қалыптасуына
- E) Оқушының оқу-тәрбие үдерісіндегі қиындықтарын шешуге

23. Мектеп жетекшілері білуге міндетті:

- A) Мектептің материалдық жағдайын
- B) Мектепте оқушылардың білімін бағалау формаларын
- C) Оқу жүйесінің құрылымы мен мазмұнын
- D) Оқу-тәрбие үрдісін диагностикалауды
- E) Мектептің құжат санын
- F) Оқу жоспарының құрылымын

24. Г.И. Щукина бойынша мектепшілік басқару бағыттары:

- A) ұйымдастырушылық
- B) дидактикалық
- C) ғылыми
- D) басқарушылық
- E) жобалаушылық
- F) зерттеушілік

25. Біліктілікті көтеру мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылуы мүмкін:
- A) Біліктілікті белгілі уақыт аралығында жоғарлату
  - B) Ұзақ мерзімді тақырыптық оқулар
  - C) Тақырып аясындағы орташа мерзімді семинарлар
  - D) Біліктілік жоғарлату мекемесінде қысқа, орта және ұзақ мерзімді оқуы
  - E) Мамандардың кәсіби қызмет бағытында біліктілік көтеру мекемесінде ұзақ мерзімді оқуы
  - F) Сала, ұйым, мекеме деңгейінде жүргізілетін тақырыптық пролемалы емес орташа мерзімді семинарлар
  - G) Негізгі жұмыс орнында үзіліссіз өткізілетін қысқа мерзімді тақырыптық оқулар

**Педагогика  
ПӘНІ БОЙЫНША  
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**



## Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесі

1. Бінталандыру әдісі (әдістері):

- A) Психологиялық әңгіме
- B) Жазалау
- C) Педагогикалық әңгіме
- D) Сендіру
- E) Тапсырма беру
- F) Тәрбиелік жағдайлар

2. Оқыту процестерінің компоненттері:

- A) Ұйымдастырушылық
- B) Дағдыландыру
- C) Бағалау
- D) Оқушы
- E) Оқытушы

3. Тұлғаға тән қасиеттер:

- A) әлеуметтік функцияларды атқаруы
- B) акселерация
- C) табиғи қажеттіліктері
- D) физиологиялық қасиеттері
- E) инстинктер
- F) әлеуметтік мәні болуы

4. Шығармашылық ойлау дегеніміз:

- A) Танымдылық мәнімен (мотивімен) қалыптасуы
- B) Тапсырманы орындауда жаңа шешімді табу
- C) Жеке нысандарды сипаттау
- D) Білім мен біліктілікті көрсету
- E) Жаңаша шешім
- F) Оқудағы табыс
- G) Тапсырма орындаудағы жаңашалық
- H) Тапсырманы орындауда жаңа шешімді табу

5. Өзіндік жұмыстың міндеті:

- A) Географиялық көріністерін қолдану
- B) Әркімнің игеру дәрежесіне сәйкес келу
- C) Өзін тәрбиелеу
- D) Географиялық білімін пайдалану
- E) Өздігінен білімін дамыту
- F) Техникалық сауаттылық
- G) Өздігінен білімін дамыту
- H) Өздігінен жаңа ақпараттармен білімін кеңейту

6. Ұжымдық танымдық іс-әрекет түрлері:

- A) Жалпы нәтижелердің болуы
- B) Іс-әрекеттер барысында оқушылар арасында өзара жауапкершіліктің және тәуелсіздіктің пайда болуы
- C) Ұжымдық іс-әрекет барысында , әрбір оқушының өзіндік білімін көрсете алуы
- D) Іс-әрекет барысында оқушыға жағдай жасау және оны басқару
- E) Бірыңғай мақсаттық, жалпы мотивтің болуы
- F) Жалпы іс-әрекеттің жоспарлы болуы
- G) Іс-әрекет барысында анықталған материалдар бойынша тұжырым жасау
- H) Жалпы мақсаттарды жүзеге асыру

7. Үнталандыру әдістері:

- A) тәрбиелік жағдайлар
- B) жазалау
- C) тапсырма беру
- D) сендіру
- E) психологиялық әңгіме
- F) мадақтау
- G) этикалық әңгіме

8. Педагогикалық технологияның ерекшеліктері:

- A) Нәтиженің жетістігіне бағытталуы
- B) Оқудың басымдылығы
- C) Оқытудың мақсаттарының нақты анықталуы
- D) Тәсілдің жетілдірілуі
- E) Тәжірибенің қайталануы мен алмасуы
- F) Субъектінің айқындалуы
- G) Ілімнің негізделуі
- H) Дағдының қалыптасуы

9. Сынып жетекшісінің негізгі қызметі:

- A) Оқыту процесін бақылау
- B) Тәртіп сақтау
- C) Оқыту
- D) Старостамен жұмыс
- E) Сабақты жақсы оқумен
- F) Пән мұғалімдердің жұмысын реттеу

10. Ғылыми дүниетанымның құрылымын (И.Ф. Харламов бойынша):

- A) Көзқарас және сенім құрайды
- B) Ата-аналар жиналысы
- C) Дағдылар жүйесі құрайды
- D) Іскерліктер жүйе құрайды
- E) Білім мазмұнын құрайды
- F) Қоғамдық мазмұнын құрайды
- G) Тәрбие мазмұнын құрайды

11. Оқыту принциптері:

- A) Жүйелілік
- B) Буындардың біртұтастылығы
- C) Синтез
- D) Өзара байланыстардың тұйықтылығы
- E) Әрекеттер жеделдігі
- F) Саналылық
- G) Ашықтық
- H) Көрнекілік

12. Мемлекеттік биліктің ел ішіндегі басымдылығы және елден тыс аумақтағы тәуелсіздігі аталады:

- A) Сот шығарған қаулылар
- B) Құқық шығармашылығы
- C) Тәуелсіздік
- D) Мемлекет егеменділігі
- E) Мемлекет бостандығы

13. Семинардың сипаты:

- A) Практикалық жұмыстардың орындалуы
- B) Сұрақтар бойынша оқушылардың өзіндік жұмысы
- C) Жалпы ойды тиянақтау
- D) Жеке сұрақтар
- E) Эксперименталды жұмыс
- F) Дамытушылық қасиеттерді жетілдіру
- G) Оқу материалдарын меңгеру, жеке сұрақтар

14. Оқытудың вербалды әдістері:

- A) Мәселені анықтау
- B) Материалдарды нақты фактіге негіздеу
- C) Көрнекі құралдарды реттеп алу
- D) Объектілер мен құбылыстарды қабылдау
- E) Фактілерді оқу

15. Дәстүрлі емес әдістемелерде сынып жетекшісінің негізгі қызметтері:

- A) Баланы адамгершілікке тәрбиелеу
- B) Баланың денсаулығын сақтау
- C) Оқушыны пәнге деген қызығушылығын дамыту
- D) Баланың тек біліктілігін арттыру
- E) Баланың жауабын тексеру
- F) Оқушының қоғамға деген көзқарасын жетілдіру
- G) Баланың іс-әрекетін қабылдау
- H) Баланың қабілетін дамыту

16. Бақылаудың түрлері:

- A) Құқық органдары бақылау
- B) Мектеп жетістіктерін бақылау
- C) Қорытынды бақылау
- D) Алдын-ала бақылау
- E) Жекелеген сынып жұмыстарын бақылау
- F) Лекциялар, семинарлар, практикумдар
- G) Жаппай бақылау

17. Оқушылардың қалауы бойынша курсты таңдауы қай сабақтың түрі:

- A) Экскурсия
- B) Қосымша сабақ
- C) Факультатив
- D) Лабораториялық жұмыс
- E) Дәріс
- F) Емтихан
- G) Сынақ

18. Өзіндік жұмыстың негізгі міндеті:

- A) Техникалық сауаттылық
- B) Конструктивті дұрыс түсіну
- C) Экономикалық және қаржылық сауаттылық
- D) Өздігінен жаңа ақпараттармен білімін дамыту
- E) Географиялық білімін пайдалану, конструктивті дұрыс түсіну
- F) Өзін-өзі тәрбиелеу

19. Педагог үшін маңызды болып табылатын жеке адамның қасиеттері:

- A) аурулар
- B) интеллектуалдық
- C) орталық нерв жүйесі қасиеттері
- D) моральдік
- E) дене ерекшеліктері
- F) ұлттық белгілері
- G) күші және жылдамдығы
- H) физиологиялық ерекшеліктері

20. Мектептегі оқытудың сабақ үстінде қолданатын негізгі әрі жетекші формасы:

- A) Бақылау
- B) Тест
- C) Сабақ
- D) Лекция
- E) Консультация
- F) Экскурсия
- G) Қорытынды

21. Сабаққа қойылатын басты талап:

- A) Бағдары белгілі болу
- B) Техникалық көрнекілік дайындау
- C) Жеке тапсырмалар дайындау
- D) Жоспары белгілі болу
- E) Күрделілігінің өсуі
- F) Мақсаты белгілі болу
- G) Тексеру формаларын анықтау

22. Мұғалімдерді аттестациялаудың мақсаты:

- A) Педагогикалық білімдерін жетілдіру
- B) Мұғалім қызметін бағалау
- C) Мұғалімнің кәсіби деңгейін тексеру
- D) Біліктіліктер
- E) Әдістемелік іскерліктер қалыптастыру
- F) Мұғалімнің пәндік даярлығын тексеру, бақылау
- G) Жаңа материалды қабылдау

23. Дидактикалық мақсаттарға байланысты сабақ типтері:

- A) Біліктілікті қалыптастыру
- B) Факультативтер
- C) Семинар сабағы
- D) Жаңа білім материалын хабарлау сабағы
- E) Жаңа білім материалын қабылдау сабағы
- F) Білімді бекіту сабағы

24. Құқықтану негіздері пәнінде жиі қолданылатын білім тексерудің түрлері:

- A) Анықтаушының дағдысы
- B) Тест сұрақтары арқылы
- C) Тыңдаушының білігі
- D) Жазбаша тексеру
- E) Танушының білімі
- F) Оқушының жауаптары
- G) Білім берушінің сұрақтары
- H) Ауызша жауап алу

25. Сезім мүшелеріне ықпал ететін және дүниені таңдауды жеңілдететін сенсомоторлық стимул болып табылатын нәрсе ретінде қызмет етеді:

- A) Көрнекі құралдар
- B) Тәрбие құралдары
- C) Технологиялық құралдар
- D) Дидактикалық құралдар
- E) Оқыту үдерісіндегі қолданылатын құралдар
- F) Оқыту құралдары

**Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесі**  
**ПӘНІ БОЙЫНША**  
**СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

## Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

### 1. Тәрбиелік шаралар:

- A) жеке даму
- B) талап
- C) қандай да бір мақсатқа жетуге бағытталған ұжымдық жұмыс
- D) ғылыми жұмыс
- E) ақпарат алмасу, жинақтау
- F) сабақтан тыс іс-шаралар

### 2. Сендіру әдістері:

- A) Иландыру
- B) Жарыс
- C) Жаттығу
- D) Марапаттау
- E) Жазалау

### 3. Оқушылармен көпшілік тәрбие жұмысын ұйымдастыру түрлері:

- A) Марапаттау
- B) Сынып сағаты
- C) Басқару
- D) Кештер
- E) Ертеңгіліктер
- F) Бақылау
- G) Жеке қызығушылығын анықтау

### 4. Ақыл-ой тәрбиесінің мазмұны бойынша қалыптасатын қасиеттер:

- A) ақыл-ой деңгейін көтеру
- B) әдептілік
- C) елжандылық
- D) «Еңбек ету - менің ең бірінші қажеттілігім» деп сезінуге үйрету
- E) кәсіби бағдар беру
- F) зейінділік

5. Үйірме жұмыстарының маңызы:

- A) балалардың жеке қызығушылықтарына қарай жүргізіледі
- B) оқушының бос уақытын тиімді етеді
- C) оқылатын пәндер көрнекілікпен қамтылып, педагогтар тәжірибе алмасады
- D) педагогтің білімін жетілдіруге үйірменің көмегі тиеді
- E) ата-аналардың бала тәрбиесі туралы білімдерін тереңдетеді
- F) авторитарлық тәрбие жүзеге асырылады
- G) мектептегі сабақтарды қайталайды

6. Белгілі бір қасиеттерді қалыптастыру мақсатымен тәрбиеленушінің сезіміне, санасына, мінез-құлқына ықпал етуді көрсететін категория:

- A) Тәрбие әдісі
- B) Тәрбие құралы
- C) Дамуға басшылық жасау
- D) Бақылау тәсілі
- E) Қозғау мен түйсік

7. Жарыстың ықпалы:

- A) Басқару әдісі
- B) Кез-келген жолмен бірінші болу
- C) Көзделген нәтижеге жету мақсаты
- D) Бала мүмкіндігін ашу
- E) Іс-әрекетке ынталандыру әдісі
- F) Бала қабілеттілігін арттыру
- G) Дене және рухани күшке деген сенімді бекіту

8. Сынып жетекшісі мен оқушылардың тәрбие жұмысын жоспарлауда бірлігі мен ынтымақтастығының деңгейі төмендегі жағдайларға тәуелді:

- A) педагогтің дайындығына
- B) жоспарлаудың алдыңғы тәжірибесіне
- C) тәрбие тәсілдеріне
- D) тәрбиенің басым бағыттарына
- E) тәрбие үлгілеріне

9. Сынып жетекшісінің негізгі міндеттері:

- A) сынып ұжымын құру және тәрбиелеу
- B) сыныптың тәрбие жұмысын жоспарлау
- C) білім беруді жоспарлау
- D) өзінің біліктілігін көтеру және әріптестеріне көмек беру
- E) оқуды үйлестіру
- F) сынып оқушылары мен ұжымын диагностикалау



10. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тәрбие жұмысын ұйымдастырушының міндеттері:

- A) бала тәрбиесімен айналысатын мекемелердің міндеттерін бөлу
- B) тәрбие жұмысын бақылау, тексеру, түзету, озат тәжірибені тарату
- C) мектеп директоры мен сынып жетекшілерінің қарым-қатынасын жақсарту
- D) оқушыларды ұжым болып пікірталастыруға үйретеді
- E) тәрбие жұмысын жоспарлау, үйлестіру
- F) мектептің шаруашылық қажеттіліктерін қамтамасыз ету
- G) сынып жетекшілеріне әдістемелік көмек беру

11. Қиын балаларды түзету жұмыстары:

- A) жаман әдеттері, жасырын мінездерін әшкерелеу
- B) жеке ұмтылыстары болған жағдайда мадақтау
- C) қиын балаларды дер кезінде анықтап, құзырлы орындарға хабарлау
- D) сабақтар өткізу
- E) «Сенде бәрі жақсы болатынына сенемін» деген сөздерді жиі айту
- F) саяхат ұйымдастыру
- G) конференциялар өткізу

12. Мектептің тәрбие жүйесі дамуының бірінші сатысы:

- A) тәрбие үдерісін ұйымдастыруды мақсатын құру
- B) жұмыстың түрлері мен әдістерін жетілдіру
- C) жаңа жағдайларға бейімделу
- D) жұмыс түрлері мен дәстүрді қалыптастыру
- E) ішкі байланыстардың жеткіліксіз болуы

13. Жеке тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары:

- A) ұсынылған кітаптарды оқу
- B) мектепішілік жұмыстарды ұйымдастыру
- C) тәрбие тұжырымдамасын талдату
- D) сценарий мен жоспарлар жазу
- E) сынып сағаты, кештер, сайыстар
- F) тәрбие жоспарын талдау

14. Отбасымен жүргізілетін жұмыстар:

- A) өзін-өзі басқару кеңесі
- B) баланы салауатты өмір сүруге тәрбиелеу
- C) педагогикалық ағарту жұмыстары
- D) отбасындағы баланың қарым-қатынасын зерттеу
- E) құрылтайшылар кеңесі
- F) ұжымның маңызды шешім қабылдауына мүмкіндік жасау

15. ҚР дарынды балалармен жұмыс жасайтын мекемелер:

- A) Қазақстан халықтары Ассамблеясы
- B) Назарбаев зияткерлік мектептері
- C) Ана мен бала орталығы
- D) Үш тілде оқытатын мамандандырылған мектептердің желісі
- E) Отбасылық балалар үйі

16. Еңбек нәтижесін құрметтеуге, бағалауға тәрбиелеу мақсатында айтылған ырымдар мен тыйым сөздер:

- A) ағын суды ластама
- B) нанды лақтырма
- C) нанның үгіндісін аяққа баспа
- D) қайта ашатын есігінді қатты жаппа
- E) екі тізеңді құшақтама
- F) үлкеннің алдын кесіп өтпе
- G) басыңды шайқама

17. Тәрбие жоспарын жасауда қойылатын талаптар:

- A) мектептен тыс тәрбие мекемелерімен өзара бірлескен іс-шаралардың күнделікті өтуі
- B) өмірмен тығыз байланыстылығы
- C) сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының педагогтің жеке бас ерекшеліктеріне сәйкестігі
- D) оқылатын пәндерді көрнекілікпен қамту, әдістемесін түрлендіру
- E) көлемі екі баспа табақтан аспауы
- F) жоспардың қоғам талабына, мақсатына сәйкестігі
- G) күнделікті өз мерзімінде жасалуы

18. Отбасымен жүргізілетін жұмыс түрлері:

- A) Ұжымның маңызды шешім қабылдауына мүмкіндік жасау
- B) Ата –аналар комитеті (алқасы)
- C) Қамқоршылар кеңесі
- D) Педагогикалық білімдер университеті(ашық)
- E) Өзін–өзі басқару кеңесі
- F) Құрылтайшылар кеңесі

19. Ата-аналар жиналысын өткізуде тиімділігі зор жұмыстар:

- A) балаларды мадақтау
- B) оқушыларды әрдайым бірге қатыстыру
- C) әріптестер мен басшыларды шақырту
- D) ата-аналармен жеке әңгімелесу
- E) ата-аналардан бала тәрбиесі туралы кеңестер алу

20. Жеке адамның санасын қалыптастыру әдістері:

- A) пікірталас
- B) үлгі-өнеге
- C) шығармашылық орталықтар
- D) этикалық әңгіме
- E) өзін-өзі басқару одағы
- F) тәрбиелік шара

21. Тәрбиенің тиімділігі тәуелді:

- A) тұқымқуалаушылыққа
- B) мектеп Жарғысының мазмұнына
- C) қаржы көздеріне
- D) оқыту мерзіміне
- E) педагогтің талдау, бағалау қабілетіне
- F) оқушының еңбекқорлығына
- G) педагогтің шеберлігіне

22. Отбасы тәрбиесі, экологиялық тәрбие, еңбек тәрбиесі, имандылық (конфессионалдық) тәрбиесі кіреді:

- A) Оқу-тәрбие жұмыстарының бағыттарына
- B) Жазалауына
- C) Үнталандыруына
- D) Қарым-қатынас стиліне
- E) Тәрбие бағыттарына
- F) Кешенді тәрбие жұмысы

23. Тәрбие үдерісінде тәрбиенің сапасына ықпал жасайтын басымдылықтар:

- A) Тәрбиенің негізгі міндеттері мен мақсаттарын қамтитын үдерісті жоспарлау
- B) Объективті және субъективті факторлар әрекетінің байланысы, педагогикалық өзара әрекеттегі тәрбие үдерісіне қатысушылардың белсенділігі
- C) Жаңа сапалардың бағыттылығын анықтау
- D) Қалыптасқан тәрбиелік қатынастар, әрекеттерді ұйымдастыру мен оған қойылған мақсаттардың бір-біріне үйлесуі
- E) Тәрбие үдерісінің өту жағдайларындағы кедергілер
- F) Сыртқы қарама-қарсылықты жою
- G) Тәрбиемен ұштастыра дамытудағы және оқыту үдерістерінің басымдылығын, тәрбиелік ықпалдың сапасы және педагогикалық әсер ету үйлесімділігі
- H) Мектеп пен жанұядағы байланысты дамыту

24. Дарынды балалардың ерекшелік белгілері:
- A) философиялық мәселелерге көп ойлануы
  - B) ата-ананың ерекше ықыласына бөленіп, еркелікке салынуы
  - C) физикалық, интеллектуалдық және әлеуметтік дамуының сәйкес болмауы
  - D) мектеп, қалыптасқан қағидаларды мойындағысы келмеуі
  - E) құқық бұзушылыққа бейімділік
25. Көпшілік тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары:
- A) кештер
  - B) мектеп директорының басқаруы
  - C) баланың отбасындағы қарым-қатынасын зерттеу
  - D) сынып сағаты, сайыстар
  - E) ертеңгіліктер

**Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі**  
**ПӘНІ БОЙЫНША**  
**СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

**Білім беру жүйесіндегі менеджмент**

1. Білім берушілік үдеріс менеджерінің еңбек құралы болып табылады:

- A) оқушылардың оқығандық дәрежесі
- B) тіл
- C) оқушылардың тәрбиелік дәрежесі
- D) сапа
- E) ақпарат

2. Білім беру жүйесін реформалау бағыттарының бірі:

- A) білім берудің кезеңдері
- B) басқару мен жоспарлау
- C) білім беру жүйесі
- D) педагогтік білім беру
- E) ұстамды-радикалдық
- F) ағымдық процестер

3. Педагогикалық бақылау міндеттерінің бірі:

- A) оқушылардың білім және тәрбие деңгейін анықтау
- B) біртұтастылықты қамтамасыз ету
- C) педагогикалық процесті реттеу
- D) оқу-тәрбие процесінің сапасын көтеру
- E) педагогикалық инновация енгізу

4. Педагогикалық менеджмент ұстанымдары:

- A) ізгіліктік
- B) диверсификация
- C) нормалау
- D) жеделділік
- E) ұйымдастыру
- F) оңтайлылық
- G) демократияландыру

5. Әр елдің халқы этикетке сәйкес негізделген өзінің түзетулері мен қосымшаларын енгізеді:

- A) елдің қоғамдық құрылымымен
- B) ұлттық салт- дәстүрлермен
- C) тұлғалық қатынастармен
- D) демократиялық дамуымен
- E) ғылыми-технологиялық прогреспен
- F) елдің тарихи құрылымының ерекшелігімен
- G) қоғамның әлеуметтік дамуымен

6. Искерлік әңгімеде ақпаратты беру кезеңінің негізгі мақсаттары:

- A) қалыптасқан пікірді өзгерту
- B) регламентті сақтау
- C) әңгімелесуде қорытындыға келу және шешімді қабылдау
- D) әңгіменің кейбір бөлімдерінің дұрыстығын тексеру
- E) әңгімелесушінің бағытын тексеру және талдау
- F) ақпаратты кодтау
- G) қарама –қайшылықты жою немесе жұмсарту

7. Искерлік қарым-қатынастың ең маңызды бөліктеріне жатады:

- A) мәдениет
- B) әлеуметтік
- C) ресми
- D) ым, қалып
- E) интонация
- F) реттілік
- G) дербес

8. Басқарудың әр түрлі саларында айқындалатын коммуникациялық түсінудің формалары:

- A) өзара әрекеттесу
- B) таным
- C) шеберлік
- D) даму
- E) әсер етуі
- F) псевдокоммуникация

9. Өзара әрекеттестік қағидасының мазмұны:

- A) қызметкерлердің жеке сапаларын білу және ескеру
- B) әріптестердің бастамашылдығын, құзыреттілігін және жауапкершілігін бағалау
- C) әріптестерді басқару ісіне тек олардың ниеті бойынша қатыстыру
- D) әріптестердің бастамашылдығын, құзыреттілігін және жауапкершілігін бағалау
- E) педагогикалық тұрғыдан тиімді кез келген бастамаға ұқыптылықпен қарау
- F) оқытушылар арасында оқу жүктемесін ғана емес, қоғамдық жұмыстарды да теңдей бөлу
- G) әріптестермен «басқарушы және басқарылушы» емес, «адам және адам» қарым-қатынас жүйесін орнату

10. Функциональдық тұрғы принциптері:

- A) Ғылыми негізделген субъект- субъектілік басқарушылық әсерлер
- B) Орындаушылардың қызметін үйлестіру және бақылау
- C) Педагогикалық менеджменттің негізгі идеяларын тәжірибеде нақты жүзеге асыру
- D) Менеджмент ілімі мен алдыңғы қатарлы тәжірибесінің жетістіктері
- E) Басқарушылық қызметті жетілдіру
- F) Мақсаттық, функционалдық және сызықтық басқаруды ұштастыру
- G) Тұрақты даму жағдайлары

11. Басшының жеке басының факторлары:

- A) Құндылық бағдарлары және қажеттіліктер
- B) Білім беру үдерісін оңтайландыру
- C) Оқуға қызығушылық деңгейі
- D) Оқуға қызығушылық
- E) Өзара әрекеттестік деңгейі
- F) Тиімді қызмет

12. Менеджменттің ғылым ретінде дамуына әсер еткен факторлар:

- A) Ұйымдастырушылық
- B) Ғылыми-техникалық
- C) Формальды емес коммуникация
- D) Басқару құрылымдары
- E) Іс-әрекеттер жиынтығы
- F) Қызмет мотивациясы

13. Материалдық қарым-қатынастағы алмасу - бұл:

- A) Ниеттермен
- B) Қажеттіліктермен
- C) Субъектілердің өзекті қажеттіліктерін қанағаттандырумен
- D) Білімдермен
- E) Амалдармен
- F) Психикалық жағдайлармен

14. Н.В. Кузьмина педагогикалық біліктіліктің негізгі элементтері ретінде ажыратады:

- A) оқушыларда дағды мен шеберліктер, білімді қалыптастыру тәсілдерінің әдістемелік біліктілігін
- B) педагогтың оқушының табысты болуына мүдделігін
- C) әрекеттік-танымдық процесті
- D) білім алушылардың уәждері, қабілеттері, бағыттылық саласындағы дифференциалдық-психологиялық біліктілігін
- E) адамды сыйлау және сенуін
- F) дағды мен шеберліктерді игеру біліктілігін
- G) оқу материалдарын анықтау біліктілігін

15. Білім беру саласындағы басқару мәселелерін зерттеуге көп үлес қосқан ғалымдар:

- A) М.Вебер
- B) В.Врум
- C) В.П. Симонов
- D) А.Маслоу
- E) Ю.А. Конаржевский
- F) В.Врум

16. Фредерик Уинслоу Тейлордың басқару мәніне қатысты негізгі көзқарастары көрінеді:

- A) адамның қажеттіліктер иерархиясынан
- B) шығармашылықтағы өзін – өзі көрсетуінен
- C) өнімділікке байланысты марапаттаудан
- D) тиімді еңбекті ынталандырудан
- E) мекеменің функциональдық құрылымынан
- F) өндірістік операцияларды бөлу, кинематиканы талдау, демалыстар үшін үзіліс уақыты есебінен

17. Басқарушылық қызметте қарастырылатын деңгейлер:

- A) Ұтымды
- B) Коммуникативті
- C) Әлеуметтік
- D) Топтық
- E) Эмоциялық
- F) Тұлғалық



18. Басқарудың әлеуметтік-психологиялық және мәдени – этикалық аспектілерінің адамға жақындау, адамгершілік көзқарасының нұсқалары:

- A) Д. Мак Грегордың «Адам және кәсіпорын» еңбегі
- B) А.Маслоудың иерархиялық «қажеттіліктер пирамидасы»
- C) Д. Мак-Клелландтың қабілеттерге үйрену теориясы
- D) А.Файольдің «Жалпы және өнеркәсіптік әкімшілік» еңбегі
- E) К.Роджерстің «Тұлға психологиясы» еңбегі

19. Педагогикалық қарым- қатынас сапасының ерекшелігінің функциялары негізделген:

- A) ұйымдастырушылық функцияға
- B) бақылау функциясына
- C) жүйелік функциясына
- D) оқытушы функцияға
- E) тәрбиелік функцияға
- F) фасилитативті(қатынасты жеңілдететін) функцияға

20. Бақылаудың өз ақиқаттық міндетін атқару үшін қажетті сипаттамалар:

- A) Қызметке (іске) сай болуы
- B) Мәселелерді шешуі
- C) Екі жақты (басшы мен жұмыскер арасында) қатынас орнату
- D) Нәтижеге бағдарлануы
- E) Бақылаудың стратегиялық бағытталуы

21. Ю.А. Конаржевскийдің анықтамасы бойынша педагогикалық талдау басқару функциясы ретінде - бұл:

- A) оқу-тәрбиелік процестің нәтижелерін объективті бағалау
- B) техникалық шығармашылықты ынталандыру
- C) білім беру экономикасындағы жағдай мен тенденцияларды зерттеу
- D) педагогикалық процес дамуының жағдайы және тенденцияларына бағытталған мектепті басқару функциясы
- E) басқарылатын жүйені реттеу бойынша нұсқауларды жасау немесе олардың неғұрлым сапалы жағдайға өтуі

22. Білім беру жүйесіндегі мемлекеттік басқару сипаты:

- A) талаптың болуы
- B) еркіндік пен плюрализм
- C) жалпыға бірдейлігі
- D) құқықтық негізде болуы
- E) біртұтастықтың болуы
- F) ізгілік сипатта болуы
- G) жүйеліліктің болуы
- H) қоғамдық сипаты

23. Мектептің барлық қызметін жоспарлауға мүмкіндік беретін ұстанымы:

- A) директивті ұстаным
- B) ұзақ мерзімдік ұстаным
- C) біртұтастық ұстаным
- D) келешектік ұстаным
- E) үздіксіздік ұстанымы

24. Эмпатия:

- A) Өзара қарым –қатынастың күрделенуі
- B) Басқаның жағдайын ескеру білу
- C) Өзін әріптестің орнына қоя білу
- D) Өзін басқалардың орнына қоя білу
- E) Мінез-құлық мотивінің болуы

25. Іскер әңгімелесушілердің шатақ адам, «нигилист» типіне тән ерекшеліктер:

- A) әңгіме барысында кәсіби шектен шығып кетеді
- B) сенімділігі аз, ол өзін әңгімелесу кезінде күлкілі немесе ыңғайсыз көрінбеуі үшін үнсіз отырады
- C) тұйық, өзін көбіне уақыттан және кеңістіктен, іскерлік әңгімедегі нақты жағдайдан тыс сезінеді
- D) әңгімелесу барысында асығыс және байсалдылық көрсетпейді
- E) бәрін білемін деген ұстанымда, әр нәрсе туралы өз пікірі бар, ол жауап қайтаруды талапт етеді

**Білім беру жүйесіндегі менеджмент  
ПӘНІ БОЙЫНША  
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**